

Алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем көрсету мекемелерін қайта ұйымдастыру және облыста жалпы дәрігерлік практиканы/отбасылық медицинаны дамыту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімінің 1998 жылғы 19 қарашадағы № 833 шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 28 желтоқсанда № 72 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімінің 2000 жылғы 26 маусымдағы N 246 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімінің 26.06.2000 N 246 шешімімен

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы № 3956 "Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Жарлығына сәйкес, денсаулық сақтау саласын реформалаудың негізгі басым бағыттарының бірі болып табылатын алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем көрсетудің сапасын жақсарту және отбасылық медицинаны дамыту мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы (Б.Исмаханбетов):

- 1998-1999 ж.ж. "Денсаулық сақтау" функциональды тобына облыс бойынша бюджетте қаралған қаржы көлемінде облыстағы қазіргі аймақтық амбулаториялық-емханалық мекемелер негізінде заңдық және қаржылық дербестігі бар отбасылық дәрігерлік және кеңес беру-диагностикалық емханалар жүйесін құрсын;

- жаңадан құрылатын отбасылық-дәрігерлік емханаларға жан басына шаққандағы принцип бойынша ішінара жеке қор ұстау өкілеттіктерін берсін;

- жаңадан құрылатын отбасылық-дәрігерлік емханаларды медициналық құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен және санитарлық автокөлікпен қамтамасыз етуге шаралар қолдансын;

- курстық негізде келісім-шарт арқылы қабылдауды енгізсін;

- отбасылық дәрігерлік емханалар үшін медициналық кадрларды қайта дайындауды үздіксіз қамтамасыз етсін.

2. Облыстық әділет басқармасы (Т.Нәбиев) жаңадан құрылатын отбасылық дәрігерлік және кеңес беру-диагностикалық емханаларын заңды тіркеуден өткізсін.

3. Облыстық қаржы басқармасы (Қ.Әжібеков) денсаулық сақтаудың саласының 1999 жылғы бюджетін жасақтаған кезде тиісті өзгерістер енгізсін.

4. Мемлекеттік мүлік және жекешелендірудің облыстық аймақтық комитеті (С.Қалиев) жаңадан ұйымдастырылған отбасылық дәрігерлік емханаларға ғимараттар берсін.

5. Аудан және қала әкімдері, облыстық қаржы, денсаулық сақтау басқармалары 1999 жылдың 1 қаңтарына дейін аудандарда дербес денсаулық сақтау бөлімдерін құру мәселесін шешсін.

6. Аудан және Қызылорда қаласының әкімдері, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы (А.Жұмабаев) ақпараттық-түсіндіру шаралары кешенін жүргізу және халықты отбасылық дәрігерлік амбулаторияларға ерікті түрде тіркеу науқанын ұйымдастырсын.

7. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Н.Ерімбетовке жүктелсін.

Әкім

Б. САПАРБАЕВ